

"Тайынша ауданы Чермошнян селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 маусымдағы № 6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 15 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4822 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 маусымдағы № 6 "Тайынша ауданы Чермошнян селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13-11-184 тіркелді, 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайынша таңы" газетінде және 2010 жылғы 16 шілдеде "Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтін бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық" "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округтің әкімі

М. Хамзин